

Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде Қармақшы ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 607 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 желтоқсанда № 6060 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 14.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы Заңына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде Қармақшы ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасы бекітілсін.

2. "Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


Қармақшы ауданының әкімі

С. Мақашов

Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017
жылғы 22 қарашадағы № 607
қаулысына қосымша

Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп- қарау негізінде Қармақшы ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 16.04.2019 № 934 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).



- 1 – Жосалы кенті
- 2 – Төретам кенті
- 3 – Ақай ауылдық округі
- 4 – Қармақшы ауылдық округі
- 5 – Жосалы ауылдық округі
- 6 – Иіркөл ауылдық округі
- 7 – Жаңажол ауылдық округі
- 8 – III Интернационал ауылдық округі
- 9 – Ақтөбе ауылдық округі
- 10 – Ақжар ауылдық округі
- 11- Дауылкөл ауылдық округі
- 12 – Алдашбай Ахун ауылдық округі
- 13- Қуандария ауылдық округі
- 14 Т.Көмекбаев ауылдық округі

- Өр түрлі шөпті шалғынды жайылымдар

- Басымды тамырлы жусан- жусанды жайылымдар
- Бір жылдық басымды сораңды жайылымдар
- Басымды дөңді дақылды өр түрлі шөпті шабындықтар
- Бұталы жайылымдар (орта күшті) сексеуіл, жүзкүн, жыңғыл.